Бекітемін
ЖШС «Балаперкем» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Б.Байболатова

Ата-аналар жиналысының жылдық жоспары

2024-2025 оқу жылы

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша мекемесінде ата-анамен атқарылатын жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

1	**Ата-аналардың №1-жалпы жиналысы.** **Тақырыбы:** «МДҰ алдағы оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру қызметі мен жұмысының негізгі бағыттары». Күн тәртібі: 1. Тақырып бойынша жария баяндама: «МДҰ-ның 2024 – 2025 оқу жылындағы жұмысының қорытындылары». 2. МДҰ ата-аналармен 2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмысының перспективалық жоспарын әзірлеу. 3.Әртүрлі.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2.	**Ата-аналардың №2-жалпы жиналысы** **Тақырыбы:** «Отбасы мен МДҰ – баланы тәрбиелеу мен дамытудағы серіктестер: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының кешенді жоспарының құндылықтарын бірге іске асырамыз». Күн тәртібі: 1.Ата-аналардың ерікті қызметі: мерекелерді, акцияларды, экскурсияларды ұйымдастыруға көмектесу және конкурстар мен жобаларға қатысу. 3. Әртүрлі.	Қаңтар	Меңгеруші, әдіскер
3	**Ата-аналардың №3-жалпы жиналысы.** **Тақырыбы:** «МДҰ өткен оқу жылындағы жұмысының қорытындысы, жазғы сауықтыру	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, мейірбике

	кезеңінде жұмысты ұйымдастыру». Күн тәртібі: 1.2024- 2025 оқу жылындағы тәрбиеленушілердің даму нәтижелері мен жетістіктері (әрбір жас тобында). 2.Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары. 3. Әртүрлі.		
Топтардағы ата-аналар жиналысы			
1	**№1-жиналыс** (кіріспе). Күн тәртібі: 1. «Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау». 2. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның 2024 – 2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстыру. 3. Ата-аналар комитетін таңдау. 4. Әртүрлі.	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	**№2-жиналыс.** Күн тәртібі: 1.«МДҰ балалардың бейімделу кезеңі». 2. Мектепке дейінгі ұйымда буллингтің алдын алу. 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша балалардың аралық мониторингінің қорытындылары. 4. Баланың қауіпсіздігі отбасында басталады: МДҰ мен ата-аналарға бірыңғай талаптар. 5.Әртүрлі.	Желтоқсан	Тәрбиешілер
3	**№3-жиналыс.** Күн тәртібі:	Ақпан	Тәрбиешілер

	1. «Отбасымен өзара әрекеттесу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бойында саламатты өмір салты құндылықтарын тәрбиелеу». 2. «Балалар жарақатының дағдылы жағдайлары, оның алдын алу шаралары». 3. Баланың даму картасы қалай жасалады? БДК туралы ақпарат беру. 4. Әртүрлі.		
4	**№4-жиналыс.** Күн тәртібі: 1. «Балаларды мектепте оқуға дайындау». 2. Ата-аналарға тәрбиеленушілерді зиянды ақпарат таратудан қорғау мәселелері бойынша консультация беру. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғаудың құқықтық және педагогикалық аспектілері». 3. «Мектепалды топ балаларының бағдарламаны меңгеру нәтижелері». 4. Әртүрлі.	Мамыр	Тәрбиешілер

ЖШС «Балеркем» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
ЖШС «Балеркем»бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:
Байболатова Б.



Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамалары

2024-2025 оқу жылы

\Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқаны: 33 ата-ана. 06.09.2024 ж

Тақырыбы: «Таныс болайық»Балабақша жұмысында ата-аналардың алатын орны ерекше.
Жалпы ата-аналар жиналысының мақсаты: Ата-ана мен балабақша Арасындағы тығыз байланыс орнату.Ата-аналардың қарым-қатынастарын нығайту.Балабақшадағы мәселелерді ата-аналар мен бірігіп шешу. Ата-аналарды балабақша жұмысына араластыру.
Баяндама: Баланы жан жақты дамыту меңгеруші: Байболатова Б

Күн тәртібінде

- 2024-2025 оқу-тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттерін таныстыру.
- Жауапты: әдіскер Махамбетова Х
- Бес білім салалары бойынша мониторингі.
- Жалпы балабақша ата-аналар төрайымын,төрағасын сайлау.
- Әртүрлі мәселелер (төлемақы,балалардың қатысымы,балалардың мерекелерге киінуі,суретсалуы.)

Жалпыата-аналар жиналысын балабақша меңгерушісі Байболатова Б ашты. Өз сөзінде балабақшадағы бар жұмыстар ата-аналардың көмегінсіз шешілмейтінін айтты .Жалпы ата-аналар жиыны жылына екі рет болады. Жылдың басында, жылдың соңында. Балабақшада баланың тұрысы, жүрісі, оның тамақтануы, жуынуы, ұйқыға жатуы бәрі бағалау көрсеткіштері мен белгіленетінін айтты. Осы жылғы атқарылған жұмыстар, алдағы атқарылатын жұмыстарды да айтып өтті.Одан ары 1,2,3-мәселелер бойынша балабақша әдіскері Махамбетова Х айтып өтті.
Өз сөзінде жазғы маусымдағы өткізілген іс-шаралар туралы, атап айтсақ, балабақшадағы бала мен жұмыс, ата-ана мен жұмыс, педагогтар мен жұмыс болып үш сала бойынша жүргізіледі. Балалар арасында, ата-аналар арасында, педагогтар мен кіші қызыметкерлер арасында спорттық сайыстардың болатынын айтты.
Негізгі бізге келген балалардың балабақша бармаған балалар. Одан кейінгі сөзді балабақша психологы жалғастырды. Ол балалардың есте сақтау, көріп есте сақтау қабілеттері бойынша көрсеткіштерін айтты. Балабақша медбикесі жалпы балабақша бойынша тазалық, денсаулық туралы, күз айындағы тұмау жөнінде ата-аналарға кеңес беріп өтті. Ары

қарай балабақша меңгерушісі Махамбетова Х жалпы ата-аналар төрайымын сайлауды дауысқа салды. Жалпы ата-аналар төрайымы болып ата-аналар қолдауымен бірауыздан Әбсұлтан Ақбота Нұралықызы сайланды. Әр түрлі мәселелер бойынша меңгеруші ата-аналардан балаларды есіктің алдына тастап кетпеуді алып қайтқанда кішкентай балаларды жібермеуді сұранды. Балабақша психологы Ұлттық тәрбиеге қалай қарайсыз? сауалнама жүргізді.Балабақша әдіскері жаңа оқу тәрбие жұмыстарымен таныстырды. Тәрбиешілерге көмектесуді ата-аналар бұрышына қолөнер жұмыстарын жасауға көмектесуін сұрады.

Қаулы:


1. Балаларды себепсіз балабақшадан алып қалмау.
3.Білім саласы бойынша көрсеткіш ары қарай жалғасып жыл соңына қорытынды бағалау шығарылсын.
4.Жалпы ата-аналар төрайымы болып бірауыздан Ташимбетова Жадыра сайлансын.

Жиналыс төрайымы: Махамбетова Х
Хатшы: Байболатова Г









Бекітемін:
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатов

Ата-аналар жалпы жиналысының хаттамасы

2024-2025 оқу жылы

«Балеркем» бөбекжай бақшасы

«Балдәурен» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ 2024–2025 оқу жылы
Жалпы саны: 140
Қатысқандар:30
Қатыспағаны:10

Мектепке дейінгі ұйымның атауы: «Балеркем»бөбекжай балабақшасы
Өткізілген күні: «22» мамыр 2025 жыл
Жиналыс төрағасы: Б.Байболатова
Хатшы:Махамбетова Х

ЖИНАЛЫСТЫҢ МАҚСАТЫ Ата-аналарға мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын түсіндіру, баланың денсаулығы мен дұрыс тамақтануына көңіл бөлу, жазғы кезеңде баланы қараусыз қалдырмау, үйде және көшеде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Жиналыс барысында ата-ана мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, балалардың тәрбиесі мен күн тәртібіне қатысты маңызды мәселелер қарастырылды.

КҮН ТӘРТІБІ 1. Балалардың қауіпсіздігі және жазғы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары. 2. Балалардың денсаулығын сақтау және жеке бас гигиенасы. 3. Дұрыс тамақтану және тамақтану мәдениеті. 4. Күн тәртібі, ұйқы және белсенді қимыл-қозғалыс. 5. Жол қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі. 6. Баланың эмоционалдық жағдайы және отбасындағы тәрбие. 7. Ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс. 8. Әр түрлі мәселелер және жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.

1. БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ Тәрбиеші ата-аналарға мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіздігі ең алдымен ересектердің жауапкершілігіне байланысты екенін түсіндірді. Балаға қауіпті жағдайды алдын ала байқап, дұрыс шешім қабылдауға үйрету маңызды. Үйде дәрі-дәрмектерді, тұрмыстық химиялық заттарды, өткір және электр құралдарын баланың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет. Балаларды терезе алдына, балконға немесе биік жиһаздарға жалғыз шығармау керек. Үйден шыққан кезде есікті, газды, электр құралдарын тексеру және баланы қараусыз қалдырмау жөнінде ата-аналарға ескертілді. Баланың жоғалып кетуінің алдын алу үшін ата-аналар

балаға өзінің аты-жөнін, ата-анасының есімін және қажет жағдайда көмек сұрайтын ересек адамды тануды үйретуі керек. Бейтаныс адамның көлігіне отырмау, сыйлық немесе тәтті тағам ұсынған адамға еріп кетпеу керектігі түсіндірілді. ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР • Балаларды көшеде және қоғамдық орындарда қараусыз қалдырмау. • Бейтаныс адамдармен сөйлесу кезінде қауіпсіздік ережесін түсіндіру. • Үйдегі дәрі-дәрмек пен химиялық заттарды арнайы жабық жерде сақтау. • Электр розеткалары мен құралдарын баланың қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету. • Төтенше жағдайда 112 нөміріне хабарласу тәртібін үйрету. ҚАУЛЫ: Ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне қатысты ережелерді күнделікті қайталап, үй жағдайында қауіпсіз орта қалыптастырсын. 2. ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ Балабақшаға келу және қайту кезінде жол қозғалысы ережелерін сақтау қажеттігі айтылды. Балалар жолды тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы, ересек адамның қолынан ұстап өтуі тиіс. Бағдаршамның түстерін ажыратып, көлік жүретін жолға жүгіріп шықпау керектігі түсіндірілді. Ата-аналарға баламен бірге жолдан өту кезінде телефонға алаңдамау, баланың қолынан берік ұстау және өз әрекетімен үлгі көрсету ұсынылды.

3. ЖАЗҒЫ КЕЗЕҢДЕГІ СУ ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ Жаз мезгілінде балалардың су айдындарына қызығушылығы артады. Осыған байланысты балаларды өзен, көл, арық және бассейн маңында қараусыз қалдырмау керектігі ерекше атап өтілді. Бала жүзуді білсе де, су жанында ересек адамның бақылауы міндетті. Балаларға суға рұқсатсыз түспеу, белгісіз жерге секірмеу, жағалауда жүгірмеу және судағы қауіпсіздік белгілерін сақтау түсіндірілсін. Өрт қауіпсіздігі бойынша сіріңке, оттық және басқа да жанғыш заттарды балалардан алыс сақтау қажеттігі айтылды. Электр құралдарын қосулы күйінде қалдырмау, асүйде баланы жалғыз қалдырмау және өрт болған жағдайда жасырынбай, ересек адамға хабарлау керек. 4. ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ БАС ГИГИЕНАСЫ Баланың денсаулығын сақтау үшін күнделікті тазалыққа көңіл бөлу маңызды. Қолды тамақтанар алдында және дәретханадан кейін сабынмен жуу, тісті таңертең және кешке тазалау, таза киім кию және жеке заттарды ортақ пайдаланбау туралы айтылды. Ата-аналар баланың дене қызуы көтерілген, жөтелі күшейген немесе өзін жайсыз сезінген жағдайда балабақшаға әкелмей, медициналық маманға жүгінуі қажет. Балабақша қызметкерлеріне баланың денсаулығындағы өзгерістер туралы алдын ала хабарлау ұсынылды. Баланың таза ауада серуендеуі, қозғалыс ойындарына қатысуы және жеткілікті ұйықтауы денсаулығына оң

әсер ететіні атап өтілді. 5. ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ Мектепке дейінгі жаста дұрыс тамақтану баланың өсуі мен дамуы үшін маңызды. Ата-аналарға балаға әртүрлі тағам ұсыну, көкөніс пен жеміс-жидекті жеткілікті пайдалану, суды уақытында ішу және тәтті тағамдарды шамадан тыс бермеу ұсынылды. Баланың тағамға аллергиясы немесе белгілі бір тағамға шектеуі болса, бұл туралы балабақша қызметкерлеріне міндетті түрде хабарлау қажет.

6. КҮН ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҰЙҚЫ Баланың балабақшадағы күн тәртібіне үйдегі тәртіптің сәйкес болғаны маңызды. Уақытында ұйықтау, таңертең ерте тұру, таңғы ас ішу, серуендеу және тынығу баланың көңіл күйі мен белсенділігіне әсер етеді. Ұйқы алдында баланың гаджеттерді ұзақ қолдануын шектеу, бөлмені желдету және тыныш жағдай жасау ұсынылды. Демалыс күндері де күн тәртібін қатты өзгертпеу баланың балабақша режиміне жеңіл бейімделуіне көмектеседі. 7. БАЛАНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫ Баланың көңіл күйі мен эмоциясына ата-ананың қарым-қатынасы үлкен әсер етеді. Баланы басқа балалармен салыстырмай, жетістігін атап өту, қателік жасаған кезде сабырмен түсіндіру және оның сөзін тыңдау қажет. Бала балабақшаға барғысы келмеген жағдайда оны қорқытпай, себебін анықтап, тәрбиешімен бірлесіп шешім қабылдау ұсынылды. Балаға «сенің қолыңнан келеді», «мен саған сенемін» сияқты қолдау сөздерін жиі айту маңызды. Ата-аналарға баланың күн ішінде не істегенін сұрап, оның қуанышы мен уайымын бөлісу ұсынылды. 8. ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ Мектепке дейінгі кезеңде баланың өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру маңызды. Сәлемдесу, алғыс айту, кешірім сұрау, кезек күту, ойыншықтарды жинау, үлкендерге құрмет көрсету сияқты қарапайым әдеттер күнделікті қайталанып отыруы тиіс. Үй мен балабақша талаптарының бір-біріне қайшы болмауы балаға түсінікті әрі тұрақты тәрбие ортасын қалыптастырады. Сондықтан ата-аналар мен тәрбиешілер бір-бірімен үнемі байланыста болғаны жөн. 9. АТА-АНА МЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ Баланың тәрбиесі мен дамуы — ата-ана мен балабақшаның ортақ міндеті. Тәрбиеші баланың күнделікті жетістіктері мен қиындықтарын ата-анамен бөлісіп, ата-ана өз кезегінде баланың үйдегі жағдайы туралы қажетті ақпаратты хабарлап отырғаны дұрыс.

10. ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНЕ ДАЙЫНДЫҚ Жазғы кезеңде балалардың таза ауада көбірек болуы, қимылды ойындарға қатысуы, табиғатты бақылауы және шығармашылық жұмыстармен айналысуы жоспарланады. Ата-аналар баланың күннен қорғануына, бас киім киюіне және жеткілікті су ішуіне көңіл

бөлуі қажет. Серуен кезінде баланың ауа райына сәйкес киінуі, ыңғайлы аяқ киім киюі және жеке заттарының таза болуы қадағалансын. Жәндіктерден сақтану, өсімдіктерді рұқсатсыз ұстамау және белгісіз жемістерді ауызға салмау туралы балаларға түсіндіру ұсынылды. 11. БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ Бала бос уақытында жасына сәйкес ойындарға, сурет салуға, кітап қарауға, құрастыруға және қимылды ойындарға қатысқаны дұрыс. Телефон мен планшетті ұзақ қолданудың орнына ата-анамен бірге серуендеу, әңгімелесу және бірлескен ойындар ұйымдастыру ұсынылды. Үйде баланың ойыншықтарын өзі жинауына, киімін реттеуге көмектесуіне және қарапайым тұрмыстық міндеттерді орындауына мүмкіндік беру оның дербестігін қалыптастырады. 12. ӘР ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР Жиналыс барысында ата-аналар балалардың жазғы кезеңдегі қауіпсіздігі, күн тәртібі, топтағы іс-шаралар, баланың жеке қажеттіліктері және ата-аналармен кері байланыс мәселелері бойынша сұрақтар қойды. Тәрбиеші ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне қатысты ұсыныстарын айтты. Ата-аналар балабақша қызметкерлерімен өзара түсіністік пен тұрақты байланыс орнатудың маңызын атап өтті. ҚОРЫТЫНДЫ Жиналыс соңында ата-аналар балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау, тәрбиесіне белсенді қатысу және балабақшамен бірлесіп жұмыс істеу жөнінде ортақ келісімге келді.

ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫСЫ 1. Балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу ата-аналардың тұрақты бақылауында болсын. 2. Жолда жүру, судағы, өрт кезіндегі және үйдегі қауіпсіздік ережелері балаларға жүйелі түрде түсіндірілсін. 3. Баланың жеке бас гигиенасын сақтау және денсаулығына жауапкершілікпен қарау қамтамасыз етілсін. 4. Баланың дұрыс тамақтануына, ұйқысына және күн тәртібіне ата-аналар көңіл бөлсін. 5. Баланың эмоционалдық жағдайын қолдау, оны кемсітпеу және қорқытпау жөніндегі талаптар сақталсын. 6. Жазғы демалыс кезінде балаларды қараусыз қалдырмау және қауіпсіз бос уақытын ұйымдастыру қамтамасыз етілсін. 7. Ата-аналар мен тәрбиеші арасында тұрақты байланыс сақталсын. 8. Жиналыста қаралған мәселелер бойынша ата-аналар ұсыныстарды орындауға міндеттенсін.

Б.б меңгерушісі: Б.Байболатова

Әдіскер: Махамбетова Х


САНАМАК
ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Бекітемін:

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі: Байболатова Б



№1 Ата-аналар жиналысының Хаттамасы

Кіші топ «Еркетай» тобы

Тәрбиешісі: Бегай А

2024-2025 оқу жылы

«ЕРКЕТАЙ» ТОБЫНЫҢ
2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Хаттама № 1

Өткізілген күні:21 қазан 2024 ж

Өткізілген орны: «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

Топ: «Еркетай» тобы

Тәрбиеші:Бегай А

Қатысқандар:15

Қатыспағандар:5

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттарымен таныстыру.

2. Балалардың балабақшаға бейімделуі және күн тәртібін сақтау.

3. Баланың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау.

4. Ата-аналар мен тәрбиеші арасындағы өзара ынтымақтастық.

5. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Бегай Аружан сөз сөйлеп, 2024–2025 оқу жылында «Еркетай» тобында жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстары туралы айтып өтті. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылатын оқу қызметтері, ойындар, шығармашылық жұмыстар және тәрбиелік іс-шаралар туралы түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша балалардың балабақшаға бейімделуі, күн тәртібін сақтау, уақытылы келу және баланың жеке гигиенасына көңіл бөлу қажеттілігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудару қажеттілігі түсіндірілді. Баланы балабақшаға әкелу және алып кету кезінде

қауіпсіздік ережелерін сақтау, баланың денсаулығына жауапкершілікпен қарау туралы айтылды.

Төртінші мәселе бойынша ата-аналар мен тәрбиеші арасындағы тығыз байланыс баланың жан-жақты дамуына оң әсер ететіні атап өтілді. Ата-аналарға баланың тәрбиесі мен білім алуына белсенді қатысу ұсынылды.

Бесінші мәселе бойынша ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері тыңдалып, қойылған сұрақтарға жауаптар берілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2024–2025 оқу жылында белгіленген оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

2. Балалардың балабақшаға уақытылы келуі және күн тәртібін сақтауы ата-аналар тарапынан қадағалансын.

3. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау шаралары күшейтілсін.

4. Ата-аналар мен тәрбиеші арасында тұрақты байланыс орнатылып, бірлескен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

5. Баланың тәрбиесі мен дамуына ата-аналар белсенді түрде атсалыссын.

Жиналыс төрайымы:Бегай А

Хатшы:Халкулова Ю

Тәрбиеші: Бегай Аружан

Назарларыңызға рахмет!

Ата-аналар жиналысына қатысқандарыңызға!

Ата-аналар жиналысына қатысып,
уақыт бөліп келгендеріңіз үшін
үлкен алғысымызды білдіреміз!

Бала тәрбиесі жолындағы
ынтымақтастығымыз әрдайым берік болсын!
Бірлесе жұмыс жасап, балаларымыздың
болашағына бірге үлес қосайық!

Сіздердің қатысуларыңыз
біз үшін өте маңызды!



Бекітемін:

ЖШС «Балеркемі» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Байболатова Б

№2 Ата-аналар жиналысының Хаттамасы

Кіші топ «Еркетай» тобы

Тәрбиешісі: Бегай А

2024-2025 оқу жылы

«ЕРКЕТАЙ» ТОБЫ
АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ
2024–2025 оқу жылы
№1

Өткізілген күні:18 наурыз 2025ж

Өткізілген орны: «Балеркем» бөбкжай балабақшасы

Топ: «Еркетай» тобы

Тәрбиеші:Бегай А

Қатысқандар:14

Қатыспағандар:6

ЖИНАЛЫСТЫҢ МАҚСАТЫ

Ата-аналарды жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының мазмұнымен таныстыру, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәселелерін талқылау және ата-ана мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстары.
2. Балалардың күн тәртібі, балабақшаға бейімделуі және тәртібі.
3. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы.
4. Ата-аналармен бірлескен жұмыс және кері байланыс.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ

Жиналысты тәрбиеші Бегай Аружан ашып, ата-аналарға жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау білдірді. «Еркетай» тобындағы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстары туралы ақпарат берілді.

Балалардың балабақшаға уақытылы келуі, күн тәртібін сақтау, жеке бас гигиенасына көңіл бөлу және баланың күнделікті жағдайын бақылау қажеттілігі түсіндірілді.

Балалардың қауіпсіздігі басты назарда екені айтылып, баланы балабақшаға әкелу және алып кету тәртібі, денсаулығына байланысты жағдайларда тәрбиешіге уақытылы хабарлау мәселелері талқыланды.

Ата-аналарға баланың тәрбиесі мен дамуына белсенді қатысу, тәрбиешімен тұрақты байланыста болу және топтағы ортақ талаптарды сақтау ұсынылды. Ата-аналардың сұрақтары тыңдалып, ұсыныстары қабылданды.

ШЕШІМ

1. Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі жүргізілсін.

2. Ата-аналар балалардың балабақшаға уақытылы келуін және күн тәртібін сақтауын қамтамасыз етсін.

3. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты талаптар қатаң сақталсын.

4. Ата-аналар мен тәрбиеші арасындағы өзара байланыс тұрақты түрде жүргізілсін.

5. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері алдағы жұмыстарда ескерілсін.

Жиналыс төрайымы:Бегай А

Хатшы:Халкулова Ю

Тәрбиеші: Бегай Аружан

Бекітемін:
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатов

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Топ: Кіші топ «Балбөбек»
Тәрбиешісі: Махмудова И

2024-2025 оқу жылы

26.06.2025ж

Хаттамасы №2

Қатысқаны: 17
Қатыспағаны:8

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.Ертеңгілік іс-шаралармен таныстыру
2. Тренинг «Тәрбие – отбасынан басталады»
3. Баяндама «Отбасындағы ата-ана рөлі»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Махмудова И Ертеңгілік іс-шаралармен таныстырды. Ата-аналар тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша Тренинг «Тәрбие – отбасынан басталады»психолог Сундетәлі Б трининг өткізді.
Ата-аналар бір ауыздан көктемдік мерекелерге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиеші Махмудова И Баяндама, «Отбасындағы ата-ана рөлі» Соны мен қатар ұл-қыздардың мерекеге 8-наурызға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Баяндаманы Махмудова И оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
3. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін





Бекітемін:
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатов

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Топ: Кіші топ «Балбөбек»
Тәрбиешісі: Махмудова И

2024-2025 оқу жылы

«Балеркем» бөбекжай балабақшасы

«Балбөбек» кіші жас тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №3

Қатысқаны: 15
Қатыспағаны:2
Себепті:3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама оқыды
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Махмудова.И баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Махмудова.И балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Махмудова.И жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Баяндаманы Махмудова И оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
3. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.



ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

ЖСШ «Балеркем» б/б

Меңгеруші: Байболатова Б

ХАТТАМА

Тобы: «Балапан»

Тәрбиеші: Мұратова Гауһар

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ

Балабақшаның ортаңғы тобына арналған ата-аналар жиналысы

Топ: Ортаңғы топ «Балапан»

Өткізу күні: 13.12.2024

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны: 5

Тәрбиеші Ұзақтығы: 25–30 минут

Күн тәртібі

1. Жаңа жыл мерекесінің мақсаты мен дайындық барысы.

2. Ортаңғы топ балаларының мерекелік киімі және қажетті заттар.

3. Мерекелік іс-шара кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

4. Ата-аналардың ұсыныстары мен сұрақтары.

5. Ұйымдастыру мәселелері және қорытынды.

Жиналыстың барысы

1. Кіріспе сөз Құрметті ата-аналар! Бүгінгі жиналысымызға қош келдіңіздер! Жаңа жыл – балалар асыға күтетін, қуаныш пен ғажайыпқа толы мереке. Біздің ортаңғы топ бүлдіршіндері мерекеге арнап тақпақтар, әндер мен билерді үйреніп жүр. Балалардың мерекені көтеріңкі көңіл күймен қарсы алуы үшін сіздермен бірге дайындық жұмыстарын талқылап алсақ дейміз.

2. Мерекеге дайындық. Балаларға берілген тақпақтарды үйде қайталап, сөздерін анық әрі асықпай айтуына көмектесу ұсынылады. Әндер мен қимылдарды бірге қайталау баланың өзіне деген сенімділігін арттырады. Баланы басқа балалармен салыстырмай, әр жетістігін қолдап отырған дұрыс.
3. Киім және қажетті заттар • Мерекелік киімді алдын ала дайындап, баланың қозғалуына ыңғайлы болуын қадағалау. • Киім мен аяқкиімге баланың аты-жөнін белгілеу. • Қажет болса, ауыстыратын киім мен аяқкиімді жеке пакетке салып әкелу. • Баланың костюміндегі ұсақ, өткір немесе оңай ажырайтын бөлшектердің қауіпсіз екеніне көз жеткізу.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4. Мерекедегі қауіпсіздік ережелері • Балабақшаға петарда, отшашу, шырпы, оттық және басқа да қауіпті заттарды әкелмеу. • Баланың киімінде ұзын баулар, өткір әшекейлер немесе жүріп-тұруға кедергі келтіретін бөлшектер болмауы керек. • Тәттілер мен тағамдарды тәрбиешімен алдын ала келісіп

әкелу; аллергиясы бар бала болса, бұл туралы тәрбиешіге ескерту. • Мерекеге келу және баланы алып кету уақытын сақтау. • Бала өзін жайсыз сезінсе немесе ауырып тұрса, топ тәрбиешісіне хабарлау.

5. Ата-аналармен талқылау. Ата-аналарға мерекелік киім, балалардың өнер көрсетуі, фото/бейне түсіру тәртібі және ұйымдастыру жұмыстары бойынша ұсыныстарын айтуға мүмкіндік беріледі. Барлық шешім балалардың қауіпсіздігі мен қызығушылығын ескере отырып қабылданады.

6. Ата-аналарға арналған шағын ұсыныстар • Балаға мереке туралы жылы әңгіме айтып, оның қуанышын бөлісіңіз. • Тақпақты жаттауға қысым жасамай, күн сайын аз-аздан қайталаңыз. • Баланың сахнаға шығудан қысылуы мүмкін екенін ескеріп, оны жігерлендіріңіз. • Мерекелік күннің алдында баланың жеткілікті демалуына жағдай жасаңыз.

Қорытынды сөз. Құрметті ата-аналар! Балалардың қуанышты сәттерін бірге ұйымдастыруға атсалысқандарыңыз үшін алғыс айтамыз. Бірлігіміз бен қолдауымыздың арқасында бүлдіршіндерімізге ұмытылмас мереке сыйлаймыз деп сенеміз. Отбасыларыңызға амандық, молшылық және жаңа жылда жақсылық тілейміз!

Жиналыс шешімі

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындықты тәрбиеші мен ата-аналар бірлесе жалғастырсын.

2. Балалардың мерекелік киімі мен қажетті заттары белгіленген мерзімде дайындалсын.

3. Қауіпсіздік ережелері барлық ата-анаға ескертілсін.

4. Балалардың тақпақтары мен әндерін үйде қайталауға қолдау көрсетілсін.

Тәрбиеші: Мұратова Г

Ата-аналар комитеті:Ержігіт Мадина

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

ЖСШ «Балеркем» б/б

Меңгеруші: Байболатова Б.

ХАТТАМА

Тобы: «Балапан»

Тәрбиеші: Мұратова Гауһар



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Балабақшаның ортаңғы тобы «Балапан»

№2 хаттама

Өткізілген күні: «13» наурыз 2025жыл

Қатысқандар: топ тәрбиешісі және ата-аналар 23

Қатыспағандар: 2

КҮН ТӘРТІБІ: 1. Балалардың көктем мезгіліне бейімделуі және денсаулығын сақтау.

2. «Әз-Наурыз» мерекесіне дайындық және ұлттық дәстүрлермен таныстыру.

3. Балалардың қауіпсіздігі: көктемгі серуен және жолда жүру ережелері.

4. Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастық.

5. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ: Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші көктем мезгілінде балалардың киімін ауа райына сай таңдаудың, тазалықты сақтаудың, дұрыс тамақтану мен күн тәртібін ұстанудың маңызын түсіндірді. Баланың денсаулығында өзгеріс байқалған жағдайда тәрбиешіге хабарлау ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша Наурыз мерекесінің мәні, қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары мен ұлттық тағамдары туралы әңгіме жүргізілді. Ата-аналарға мерекелік іс-шараға балалармен бірге дайындалу, ұлттық киім немесе бұйымдар дайындауға мүмкіндік болса қолдау көрсету ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша көктемгі серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, су жиналған жерлерге жақындамау, жолдан тек ересек адамның көмегімен өту және балаларды қараусыз қалдырмау қажеттігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша баланың тілін, дербестігін және қарым-қатынас дағдыларын дамытуда отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысы талқыланды. Ата-аналарға үйде балалармен кітап оқу, әңгімелесу және ұлттық ойындар ойнау ұсынылды.

Бесінші мәселе бойынша ата-аналардың сұрақтары тыңдалып, ұсыныстары қабылданды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: 1. Балалардың денсаулығын сақтау және көктемгі қауіпсіздік ережелерін орындау жұмысы жалғастырылсын.

2. Наурыз мерекесіне дайындық барысында ұлттық салт-дәстүрлерді таныстыруға ата-аналар тартылсын.

3. Ата-аналарға балалардың күн тәртібі мен жеке бас гигиенасын сақтау ескертілсін.

4. Тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы байланыс тұрақты түрде жүргізілсін.
Жиналыс төрағасы: Ержігіт Мадина

Хатшы: Турапова Гаухар

Тәрбиеші: Мұратова Г

ЖШС « Балеркем »бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

Байболатова Б



Ата -аналар жиналысының хаттамасы

Ортанғы « Балдәурен » тобы

Тәрбиешісі: Лесбай А

2024-2025оқу жылы

« Балдәурен » ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №2

Қатысқан ата-аналар саны: 15 Мерзімі:22.10.2024 ж
Қатыспаған ата-аналар саны:10

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. «Бал мекенім балабақшам» ата - аналарға балабақшаның жылдық мақсатымен, күн тәртібімен таныстыру.Ата – аналар комитетин сайлау.Тәрбиеші Лесбай А
2. «Балабақшамен ата ананың бірлігі» баяндама.
   Тәрбиеші Лесбай А
3. Ата - аналармен тренинг.

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Асылбекова Аягөз Талдыбайқызы сөз бастады.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар біздің «Балеркем» бөбекай балабақшамызға қош келдіңіздер! Сіздерден өтініш орындарыңыздан тұрып бір - бірімізбен танысу шеңберіне келсеңіздер.

Қолымыздағы ойыншықты бір - бірімізге бере отырып, өзіміз жайлы айтып кетейік.

Барлығымыз бір- бірімізбен танысып болсақ орындарыңызға жайғасып отырыңыздар. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы.

Ата-аналарды күн тәртібі мен таныстыру, ондағы ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттері бойынша мағлұмат беру. Білім салалары мен білім бөлімдерін толық таныстыру.

Ендігі мәселе: Ата-аналар арсынан өз өтініштерімен ата-аналар комитетін сайлайық.
Ата-аналар өзара келісе отырып ата-аналар ұйымын сайлады, олар:

1. Базарова Г
2. Махмудова И

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балаларды таңертең балабақшаға уақтылы алып келу.
2. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
3. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.

Меңгеруші: Байболатова Б

Әдіскер: Махамбетова Х

Тәрбиеші: Лесбай А


САУАТТЫ ТРПАЛ
ЖШП МЕКТЕПТЕРІ
САНАМҒ

ЖШС « Балеркем »бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

Байболатова Б

Ата -аналар жиналысының хаттамасы

Ортанғы « Балдәурен » тобы

Тәрбиешісі: Лесбай А

2024-2025оқу жылы

«Балдәурен» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №3

Мерзімі:22.01.2025ж

Қатысқаны: 19
Қатыспағаны:6

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама « Менің отбасым және ондағы менің орыным»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері сөз алды. Әдіскер Махамбетова Х топтағы ата-аналарды бір-бірімен сонымен қатар топ тәрбиешілері Лесбай А мен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызыметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Лесбай А « Менің отбасым және ондағы менің орыным» баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Махмудова И баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.
Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Базарова Г деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған таларты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Базарова Г болсын.

Меңгеруші: Байболатова Б
Әдіскер: Махамбетова Х
Тәрбиеші: Лесбай А

Бекітемін:
ЖШС «Бәлержем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатов

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Топ:ересек «Бәйтерек»
Тәрбиеші:Байболатова Г

2024-2025 оқу жылы

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

«Бәйтерек» ересектер тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

2024-2025 оқу жылы. Күні: 11.10.2025ж

Хаттамасы №2

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны:5

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама « Менің отбасым және ондағы менің орыным»
3. Ата-аналар комитетінін мүшелерін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері сөз алды. Әдіскер Байменова.Д. топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен қатар топ тәрбиешілері мен Байболатова Гүлжанмен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызыметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Байболатова Гүлжан. «Менің отбасым және ондағы менің орыным» баяндама оқыды. Сөзге шыққан ата-аналар Манатбек Мереке баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Турапова Гүлмира деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптары өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитеті Турапова Гүлмира болсын.

Төрайымы : Турапова Гүлмира

Хатшы: Байболатова Гүлжан



Бекітемін:
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатов

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Топ:ересек «Бәйтерек»
Тәрбиеші:Байболатова Г

2024-2025 оқу жылы

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

«Бәйтерек» ересектер тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №3 Күні:08.11.2025ж

Қатысқаны: 20
Қатыспағаны:3
Себепті:2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ата-аналарға балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес беру.
2. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік іс шаралармен таныстыру және берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.
3. Топтарды жинау және безендіру жұмыстарында ата аналардың көмек беруі.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Байболатова Гүлжан балаларға берілген ертеңгілік іс шаралар мен таныстырып шықты. Елімізде болып жатқан тымау жайлы айтып өтті. Ата –аналарға мерекелік іс шаралар туралы айтылды, бір ауыздан мерекеге келіп тамашалауға келісті.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Байболатова Гүлжан жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші балабақшаның төлем ақысын тездетіп жинайтынын айтып өтті.Қыс мезгілінде балаларды бақшаға жылы кйіндіріп жіберулерін айтты.

Қаулы:

1.Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
2.Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы : Турапова Гүлмира
Хатшы: Байболатова Гүлжан





Бекітемін:

ЖШС <<Балеркем>> бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

Байболатова Б

ХАТТАМА

Ересек топ <<Қарлығаш>> тобы

Тәрбиеші: Тулегенова Ф

2024-2025 оқу жылы

«Балеркем» бөбекжай балабақшасы

«Қарлығаш» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №1

Қатысқаны: 19 05.09.2024ж
Қатыспағаны:6

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама « Менің отбасым және ондағы менің орыным»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері сөз алды. Әдіскер Д Байменва топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен қатар топ тәрбиешілері мен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызыметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Тулегенова Феруза « Менің отбасым және ондағы менің орыным» атты баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Турапова Гаухар баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.
Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Турапова Гаухар және оның көмекшісі Тулаганова Саламатби деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.
2. Балалар себепсіз балабақшадан қалмасын
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Турапова Гаухар болсын

Төрайымы : Турапова Гаухар
Хатшы: Тулегенова Феруза



Бекітемін:

ЖШС <<Балеркем>> бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

Байболатова Б

ХАТТАМА

Ересек топ <<Қарлығаш>> тобы

Тәрбиеші: Тулегенова Ф

2024-2025 оқу жылы

«Балеркем» бөбекжай балабақшасы

«Қарлығаш» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №2

Қатысқаны: 18 03.12.2024ж
Қатыспағаны:7
Себепті:3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама оқыды
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілікке дайындық
3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Тулегенова Феруза баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып отті. Ата-аналарбір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін әр балаға берілген тақпақты үйде жаттатып қадағалауларын, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Баяндаманы Тулегенова Феруза оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
3. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы : Турапова Гаухар
Хатшы: Тулегенова Феруза

